

Өскемен қаласының мәслихаты

Шығыс Қазақстан облысы
Өскемен қалалық мәслихатының
2019 жылғы 31 мамырдағы № 44/2-
VI шешімі. Шығыс Қазақстан
облысының Әділет
департаментінде 2019 жылғы 7
маусымда № 5995 болып тіркелді

Маслихат г. Усть-Каменогорска

**Өскемен қалалық мәслихатының
2018 жылғы 17 мамырдағы № 30/8-VI «Әлеуметтік көмек
көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын
бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 30/8-VI «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5641 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 11 маусымда жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:



көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 тармақ келесі мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) көпбалалық және/немесе отбасында Өскемен қаласының мектепке дейінгі ұйымдарына баратын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың болуы.»;

7 тармақтағы:

3), 6) және 8) тармақшалар келесі редакцияда жазылсын:

«3) арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында жүрген кәмелетке толмағандар;

6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігі шектелген адамдар;

8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікке ұшыраған адамдар;»;

келесі мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) мектепке дейінгі ұйымдарға баратын көпбалалы отбасылардағы балалар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар.»;

8 тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Осы Қағидалардың 7 тармағының 14) тармақшасында көрсетілген алушылар санаты үшін жан басына шаққандағы орташа табыстың шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің алты еселік мөлшерінде бекітілсін.»;

9 тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

М. Бахыт

А. Светаш